



## Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011400	«Тарих»	1. Педагогика 2. Тарихты оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Түркі халықтарының тарихы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Тарихты оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Түркі халықтарының тарихы

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. Педагогикалық пәндер:

- A) Жұмыс істеу педагогикасы
- B) Этнопедагогика
- C) Ақпараттық педагогика
- D) Әлеуметтік педагогика
- E) Технопедагогика
- F) Табиғат педагогикасы
- G) Салыстырмалы педагогика

2. Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері:

- A) жауапкершілігі
- B) саналылығы
- C) дене ерекшеліктері
- D) инстинктері
- E) орталық нерв жүйесінің қасиеттері

3. Жас ерекшеліктер:

- A) Интеллектуалдық
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар
- C) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- D) Әр балаға тән белгілі мінез-құлық
- E) Белгілі бір жас кезеңіне тән табиғи ерекшеліктер
- F) Әр балаға тән белгілі сипат
- G) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер:

- A) психологиялық
- B) техникалық
- C) эмпирикалық
- D) теориялық
- E) әдіснамалық

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық білімдер беру
- B) ой қабілеттерін дамыту
- C) ағзаны шынықтыру
- D) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- E) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- F) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) амалдар жүйесі
- B) тәрбиеленушілерді жағымды іс-әрекетке өзгертуге бағыттылық
- C) мектептің мақсаты
- D) ата-ана міндеттері
- E) тәрбиеленуші шешетін міндеттер

7. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Арнайы педагогика, түзету педагогикасы
- B) Мектеп педагогикасы, салыстырмалы педагогика, этнопедагогика
- C) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика
- D) Акмеология, білім беру педагогикасы
- E) Жалпы педагогика, жасөспірімдер педагогикасы, педагогика
- F) Жоғары мектеп педагогикасы, медициналық педагогика, арнайы педагогика

8. Басқару стилі бойынша:

- A) отбасылық
- B) қоғамдық
- C) либералдық
- D) мектептік
- E) діни
- F) адамгершілік

9. Педагогикалық әдіснаманың мәні:

- A) педагогикалық ілімдерді зерттейтін ғылым
- B) философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану туралы ғылым
- C) логика туралы ғылым
- D) арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылым
- E) тіл туралы ғылым
- F) адамдар туралы ғылым
- G) философиялық теорияларды зерттейтін ғылым

10. Әңгімелесудің түрі:

- A) ынталандырушы
- B) эпизодтық (ауық-ауық әңгіме-сұхбаттар)
- C) шығармашылық
- D) мадақтаушы
- E) жеке дара этикалық әңгіме-сұхбаттар
- F) әңгімелесу-экспромт

11. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне
- B) Қойылатын талаптардың мазмұнына
- C) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- D) Сұранысқа ие болуына
- E) Мұғалім позициясына

12. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі:

- A) әр оқушыға тигізетін тәрбиелік ықпалдың болуы
- B) оқушының саналы болуы
- C) әрекеттің жоспарлы болуы
- D) оқушылармен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас жүйесіне сай болуы
- E) сынып жетекшілерінің педагогикалық біліктілігінің жоғары болуы

13. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) ауқаттылығы, тұрмыстық жағдайы
- B) ата-ананың баланың өмір әрекетінің мазмұнына көңіл бөлуі
- C) ата-ана туралы мәліметтердің толықтығы
- D) ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін ұстанбауы
- E) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы
- F) балаларының дарынды, талантты, мәдениетті, талапшыл болуы

14. Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- A) Оқу мен оқуды ұйымдастыру
- B) Оқу мазмұны, оқу барысы
- C) Оқуды басқару мен ынталандыру
- D) Оқуды ұйымдастыру, оқу сапасы, жеке тұлғаның дамуы
- E) Оқу құрылымы мен сапасы
- F) Тәрбие мен практиканың бірлігі
- G) Оқыту мен тәрбиенің бірлігі

15. Білім беру стандарты:

- A) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- B) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- C) Білім беру нормаларын анықтайды
- D) Оқу жоспарларын қолданады
- E) Білім беру сапасын анықтайды
- F) Оқыту деңгейін айқындайды
- G) Білім беру саласын қамтиды
- H) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат

16. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ түрі:

- A) Біліктілікті қалыптастыру
- B) Аралас сабақ
- C) Оқу саяхаттары
- D) Жаңа білімді меңгеру
- E) Қосымша сабақ
- F) Диктант сабағы
- G) Өткен материалды қайталау, пысықтау

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- B) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- C) Білім сапасын арттыру үшін
- D) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- E) Жаңалықтар енгізу үшін
- F) Философиялық негізін қалыптастыру үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгісі:

- A) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- B) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- C) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- D) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- E) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- F) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- G) Жалпы нәтижелердің болуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Жүйелеуді
- B) Бағыттауды
- C) Тұлға болмысын
- D) Диагностикалауды
- E) Бақылауды
- F) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) өлшемге сай болу
- B) орташа бағалау ұстанымында болмау
- C) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- D) орташа бағалау ұстанымында болу
- E) көңіл-күйге орай баға қоя салу

21. Ақпараттық технология:

- A) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- B) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- D) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- E) Адам іс-әрекеті арқылы ауызша, жазбаша немесе басқа түрлі тәсілдермен жеткізілетін қажетті мағлұматтар жиынтығы
- F) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- G) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталу, тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы
- B) Күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- C) Оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы, оқу бағдарламасынан тыс жазылуы
- D) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
- E) Оқу үдерісінде тексерілген соң ғана баспадан шығуы тиіс
- F) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну
- B) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- C) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- D) Педагогтарды психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау
- E) Педагогикалық отырыстар, әдістемелік кеңестер
- F) Әдістемелік бірлестіктер

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) әдістемелік
- B) зерттеушілік
- C) психологиялық
- D) жобалаушылық
- E) дидактикалық

25. Мектептің жылдық жұмыс мазмұнын талдаудың мазмұнына енеді:
- A) Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижесі
  - B) Білім мазмұнын сараптау
  - C) Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын анықтау
  - D) Директордың міндетін анықтау
  - E) Әдістемелік жұмыстың сапасы

**Педагогика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Тарихты оқыту әдістемесі

1. «Әдістеме» сөзінің мағынасы:

- A) Жүйе
- B) Тәртіп
- C) Оқу әдісі
- D) Іс-әрекет
- E) Оқыту әдістемесі ілімі

2. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда әдістемеге үлкен үлес қосқан:

- A) В.О. Пунский
- B) А.А. Вагин
- C) В.Г. Карцов
- D) А.И. Стражев
- E) К.Д. Ушинский
- F) А.З. Редько
- G) Е.И. Пометун

3. Еуропа Кеңесінің Декларациясына сәйкес (1992 ж.) әлемдік білім беру кеңістігінде 12 жылдық орта білім беру дамыған елдерде жүзеге асырылуда:

- A) Қытай
- B) Германия
- C) Швейцария
- D) Англия
- E) Испания
- F) Италия

4. Тарих пәнін оқыту барысында қалыптастыратын тарихи түсініктер:

- A) Саяси өмір
- B) Моральдық түсініктер
- C) Материалдық өмір-тұрмыс
- D) Жанашылдыққа бейімділік түсінігі
- E) Күнделікті өмір

5. Тарих пәнінен оқушылардың өздігінше іздену жұмыстары:

- A) Дәптермен жұмыс
- B) Өздігінше оқулықтан тыс әдебиеттерді оқи және пайдалана білуі
- C) Эссе жазу
- D) Тақырыпқа байланысты слайд жасау
- E) Терминдерді жаттау

6. Тарихи материалды ауызша баяндау әдістері:

- A) Әңгіме
- B) Мектеп лекциясы
- C) Иллюстрациялы жұмыс
- D) Экрандық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы
- E) Портреттік жұмыс

7. Тарих пәні бойынша оқушыларға патриоттық тәрбие беру:

- A) Қазақстан жеріндегі өзге ұлттардың саяси құқықтарын жоққа шығару
- B) ҚР рәміздеріне деген сүйіспеншілік
- C) Мұсылман халқын құрметтеу міндетті емес
- D) Қазақ халқының озық дәстүрлерін қабылдау
- E) Қоршаған орта тазалығын сақтауды қажет емес деп есептеу
- F) Қазақ халқының ерлігі туралы тарихи білімдерді ұсыну

8. Тарихи білімінің құрамдас бөлімдері:

- A) Тарихи фактілер
- B) Салт-дәстүрлер мен ырымдар
- C) Ой толғаулар
- D) Тарихи түсініктер
- E) Аңыздар мен ертегілер
- F) Тарихи даталар мен хронологиялар

9. Тарихты барысында қолданылатын негізгі әдістер:

- A) Проблемалық оқыту әдісі
- B) Зерттеу әдісі
- C) Тарихи материалды ауызша хабарлау әдістері
- D) Тарихты оқытқанда түрлі мәтіндермен жұмыс істеу әдістері
- E) Тарихты көрнекі құралдармен оқыту әдістері

10. Тарихи карталар ерекшеленеді:

- A) Түстік ерекшелігі бойынша
- B) Масштабы бойынша
- C) Мазмұны бойынша
- D) Аумақты қамтуы бойынша
- E) Көлемі бойынша

11. Оқушылардың танымдық белсенділігі диагностикалық қызметі:

- A) Көркемдеуші
- B) Қорытындылаушы
- C) Баяндаушы
- D) Тәрбиелеуші
- E) Әдістемелік
- F) Тексеруші

12. Оқытудың техникалық құралдарының дидактикалық қызметі:

- A) Оқу процесінде мұғалімнің сөзі мен оқушыларға ұсынылатын бейненің үйлесімділігін қамтамасыз етеді
- B) Негізгі білім көзі
- C) Арнаулы ( коррекциялық немесе түзету) мектептерде ғана қолданылады
- D) Оқушы мен педагогтың іс-әрекетін қамтамасыз ету
- E) Оқушылардың белсенділігін арттыру
- F) Тарихты оқытудың жетекші әдісі
- G) Уақытты үнемдеу

13. Мұғалімнің нәтижелілік жұмысының қағидасы:

- A) Мұғалімнің беделін көрсету
- B) Оң нәтижелерін анықтау
- C) Тәрбиелеу процесінде проблемаларды анықтау
- D) Интеграцияланған тәрбие жұмысының формаларын сыныппен өткізу
- E) Оқушыларды жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде тәрбиелеу
- F) Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау
- G) Білім алушылардың оқудан тыс іс-шараларын қорытындылау

14. Дискуссия элементтері бар семинардың белгілері:

- A) Мәселені анық шешудің түрлі жолдары
- B) Зерттелетін мәселе жөнінде ортақ пікір қалыптасқан
- C) Мәселені шешудің жолы анық
- D) Зерттеу элементтері
- E) Дискуссия-зерттеуге емес, оқушылардың құзіреттілігіне арналған
- F) Мұғалім дискуссия сұрақтарымен сол мезгілде таныстырады

15. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

- A) Әр оқушыға, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді
- B) Сыныптағы оқушылар құрамы әр кез тұрақты болады
- C) Оқушылардың таным қабілеттері бір деңгейді құрайды
- D) Әрбір оқушы өзінің даму деңгейіне қарай білімді меңгереді
- E) Мұғалімнің талаптарын орындайды
- F) Тақырып бойынша білім, білік, дағдыларды игеру мақсатында жұмыс жасайды
- G) Оқушы мұғалімнің рұқсатымен жауап береді

16. В.Ф. Шаталовтың тірек белгі- конспектісі:
- A) Ақпаратты игеру үшін бейнеленетін белгілер
  - B) Оқу материалының толық мәтіні
  - C) Қандай да бір оқиға, іс-әрекет, заттар бейнесі бар шартты сурет
  - D) Электронды оқулық
  - E) Терминдер мен глоссарий
  - F) Оқу материалын тексеруге аралған бақылау сұрақтары
  - G) Бір нәрсенің мазмұнының қысқаша жазбасы
17. Кейс-стади әдісі құзыреттіліктің жеке сапасын дамытады:
- A) Шығармашылық, практикалық қабілетін
  - B) Қарым-қатынастық, әлеуметтік белсендігін
  - C) Ақпараттық білімін
  - D) Танымдық, жағдайлық әрекетін
  - E) Қайталаушы, қалыптастырушы қабілетін
  - F) Шешім шығару, мәселені анықтау ісін
  - G) Құрлымдық жүйесін
18. Дәстүрлі дидактикалық оқыту тұжырымдамасында қызметі басым:
- A) Оқушының
  - B) Оқушылардың жоспарсыз іс-әрекетінің
  - C) Педагогтың
  - D) Оқушылардың жұптық топтарының
  - E) Ұжым қызметінің
19. Тарих пәнінен азаматтық-құқықтық тәрбие беру бағыттары:
- A) Қарым-қатынас жасау тәрбиесі
  - B) Табиғат тазалығын сақтау
  - C) Мемлекеттік рәміздер туралы заңдарды оқыту
  - D) Дене тәрбиесі
  - E) Өз мемлекетіне деген патриоттық сезімді қалыптастыру
  - F) Ақыл-ой тәрбиесі
20. С. Аспендияровтың «Қазақстан тарихының очерктері» еңбегінің «Қазақстан патша өкіметінің отары» тарауындағы тақырыптар атауы:
- A) XVIII ғасырдағы Қазақстанның шаруашылық сипаты
  - B) Қазақтар көтерілістері
  - C) XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтар
  - D) Патша өкіметінің жер саясаты
  - E) Орта Азия мен Қазақстанды азат ету
  - F) 1905 жылғы революция, оның Қазақстанға еткен әсері және 1914 жыл

21. Қазіргі кезде білім беруді ізгілендірудің бағыттары:

- A) Орта деңгейдегі оқудан сараланған оқуға көшу
- B) Оқытудың жаңа технологияларын енгізу
- C) Инновациялық экономикаға сәйкес білім беру
- D) Оқу пәндерінің ізгіліктік әлеуетін анықтау
- E) Оқу процесіне мультимедиялық құралдарды енгізу
- F) Оқыту процесінің мазмұнын жаңарту
- G) Гуманитарлық пәндердің рөлін көтеру

22. Дәстүрлі сабақтар:

- A) Қойылымдық
- B) Бағалау
- C) Дәріс, семинар және практика
- D) Экскурсия және конференция
- E) Түсінік айту
- F) Саяхат
- G) Пікірталас

23. Тарихты оқытуда қолданылатын баяндау-суреттеу құжаттарының түрлері:

- A) Қанатты сөздер мен өлеңдер
- B) Аңыздарм мен ертегілер
- C) Бағдарламалар және сөздер
- D) Грамоталар, заңдар, жарлықтар және кешірімдер
- E) Ғұмырнама және хаттар

24. Синхроникалық таблицада көрсетіледі:

- A) Түрлі аймақтағы бір уақыттағы тарихи оқиға
- B) Қазақстан тарихы бойынша хронологиялық кесте
- C) Әр елдегі түрлі кезеңдегі ұқсас тарихи оқиғалар
- D) Бір елдегі тарихи оқиғалардың ұқсастығы мен айырмашылығы
- E) Бір елдегі бір тарихи кезеңдегі тарихи оқиға
- F) Бір елдегі түрлі кезеңдегі ұқсас тарихи оқиғалар

25. Мектептегі өлкетану жұмысына қойылатын талаптар:
- A) Оқушыларға психологиялық зерттеулер жүргізу
  - B) Оқушыларды мүмкіндігінше зерттеуге қатыстыру
  - C) Оқушылардың пән бойынша үлгерімін бақылау
  - D) Мектеп оқулықтарына пікір жазу
  - E) Көрнекі құралдарды қолдан жасау
  - F) Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу

**Тарихты оқыту әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Сыныптан тыс шаралардың түрлері:

- A) спорттық кіші академиялар
- B) тәрбие тәсілі
- C) ғылым, өнер салалары бойынша кіші академиялар
- D) тәрбие әдістері
- E) техникалық кіші академиялар

2. Қиын балаларда байқалатын ерекшеліктер

- A) Өзі-өзі түзетуге қабілеттің төмендігі
- B) Ұрлық жасайды
- C) Спортта жетістіктерге тез жетеді
- D) Ұжымды басқаратын, тез шешім қабылдайтын оқушылар
- E) Отбасында тәртіпте, қадағалауда өскен балалар

3. Педагогикалық қолдау кезінде табысты өзара әрекеттестіктің шарттары:

- A) 6-шарт – балама мінез-құлық үлгісін көрсете алуы
- B) 2-шарт – өз проблемасын шешуде басымдық бала жағында болуы
- C) 7-шарт – педагог пен баланың арасында көмек көрсетушілік қатынас орнауы
- D) 5-шарт – өзгерту жолын табуды ұсыну
- E) 4-шарт – құпиялылық принципін сақтамау

4. Балалармен жұмыс жүргізуде тәрбиеші тарапынан болатын кемшіліктер:

- A) жұлдыз ауруы
- B) уақытты тиімді пайдаланбау
- C) жалған демократизм
- D) авторитаризм
- E) әріптестік

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Дамытушылық
- B) Болжау
- C) Ағартушылық
- D) Тәрбиелік
- E) Білімділік
- F) Ұйымдастырушылық

6. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі:

- A) Әдістемелік жұмыс
- B) Оқушыларды және сынып ұжымын зерттеу
- C) Жарыстыру
- D) Пән мұғалімдерінің жұмысын реттеу
- E) Старостамен жұмыс
- F) Тәрбиелеу
- G) Сынып ұжымын құру және тәрбиелеу

7. Топтың қабылданған негізгі түрлері:

- A) Қызметкерлер
- B) Референттік
- C) Оқытушылар
- D) Ресми
- E) Саяхатшылар
- F) Диффузиялық

8. «Қиын балалар», «тәрбиесі қиын», «педагогикалық қалып қалу» түсініктерін зерттеген ғалымдар:

- A) М. Булянов, С.А. Беличева
- B) С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский
- C) К.Д. Ушинский, П.Ф. Каптерев
- D) Н.К. Крупская, П.П. Блонский
- E) П.Ф. Лесгафт, В.В. Ковалев
- F) П.П. Блонский, Н.В. Мясищева
- G) Л.С. Выготский, В.П. Кащенко

9. Авторитарлық тәрбие:

- A) Баланың бас бостандығы
- B) Белсенділігін басып тастау
- C) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- D) Тұлғаның дамуын тежеу
- E) Тұлғаны басу

10. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау
- B) Қоршаған ортасын танып-білу
- C) Қызығушылығын ояту
- D) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- E) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- F) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру



11. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- B) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- C) Мақсат қою, ұйымдастыру
- D) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау
- E) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау

12. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Оқыту үдерісінде оқытушы оқушыға тәрбиелеу әсерін жүргізеді
- B) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- C) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- D) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- E) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- F) Өзін-өзі тәрбиелейді
- G) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді

13. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- B) Тәрбие процесін ұйымдастырудағы талаптар жүйесі
- C) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- D) Батылдылық
- E) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу
- F) Тәрбие ережелерінің жиынтығы

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Күн сәулесін пайдалану
- B) Таза суды пайдалану
- C) Таза ауамен демалу
- D) Аяқты бір-біріне айқастырмау
- E) Мәдени орындарда өзінді дұрыс ұстау
- F) Сабақта ойын элементтерін пайдалану

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:

- A) Тез және жоғары деңгейде керекті сапаны қалыптастыру
- B) Би кеші сайыстары, көрмелері
- C) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру
- D) Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі
- E) Түрлі бағыттағы әдеби-музыкалық кештері

16. Отбасымен жүргізілетін тәрбие жұмысының түрлері:

- A) Педагогикалық білімдер университеті
- B) Ата-аналарды пән мұғалімдерімен таныстыру
- C) Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру
- D) Лекторий
- E) Оқушылардың ата-аналарының материалдық жағдайын анықтау
- F) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының жоспарын құру

17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:

- A) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
- B) Емтихан жүргізу
- C) Интербелсенді әдістерді қолдану
- D) Дене тәрбиесі, спорттық әрекет
- E) Көркемөнер – шығармашылық әрекет
- F) Сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары
- G) Лабораториялық сабақ жүргізу

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Бәсекеге қабілеттілік, тапқырлық, ынтымақтастық, өзбеттілік
- B) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- C) Қалыптастырушы
- D) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық
- E) Жауапкершілік, шығармашылық, белсенділік
- F) Қалыпты

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Көпшілік
- B) Қалыптасқан
- C) Ұйымдық
- D) Шағын топтық
- E) Ресми
- F) Жеке

20. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- B) клубтар
- C) балалар лагері
- D) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- E) сынып сағаты
- F) әңгімелер

21. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) мектептегі әдістемелік кеңес
- B) педагогикалық талап
- C) тәрбиелік жағдаяттар
- D) пікірталас
- E) әңгіме
- F) этикалық әңгіме
- G) өзін-өзі басқару

22. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- B) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- C) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- D) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- E) ерік-жігердің бірлігіне
- F) үдерістің аса қарқындылығына
- G) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне

23. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) жарыстар өткізу
- B) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- C) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- D) пікір аясын кеңейту
- E) этикалық әңгіме талдату

24. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- B) тұқымқуалаушылыққа
- C) қаржы көздеріне
- D) мектеп Жарғысының мазмұнына
- E) оқыту мерзіміне
- F) педагогтің шеберлігіне
- G) оқушының еңбекқорлығына

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:

- A) Тәрбие гуманизациясы
- B) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
- C) Саналылық, жауапкершілік
- D) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
- E) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
- F) Биологиялық ерекшеліктері
- G) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Түркі халықтарының тарихы

1. Сақтар туралы алғашқы жазба деректер:

- A) Геродоттың еңбегінде
- B) Сыма Цянның еңбегінде
- C) Авеста шығармасында
- D) «Тарих» атты шығармада
- E) М. Қашқари жазбасында
- F) Рашид-ад-Дин еңбегінде
- G) М.Х. Дулати шығармасында

2. Ұйғыр қағанының VIII ғ. ортасындағы саяси үстемдігі жеткен аймақтар:

- A) Алтайдан Корей жеріне дейін
- B) Жетісу, Шығыс Түркістаннан Хуанхэге дейін
- C) Байкалдан шығысқа Маньчжурияға дейін
- D) Алтайдан Шығысында Маньчжурияға дейін
- E) Енисей қырғыздарына дейін
- F) Каспий ден Алтайға дейін
- G) Оңтүстік аймағы Гоби шөліне дейін

3. Түргеш қағанатының құрамына кірген тайпалар:

- A) Он-шадпыты
- B) Қарлұқтар
- C) Сары-түргештер
- D) Хань
- E) Қара-түргештер
- F) Түргештер

4. Түрік қағанатының жібек жолы үшін бәсекелестері:

- A) Гупталық Үндістан
- B) Қытайлық Суй және Тан әулеттері
- C) Боспор патшалығы
- D) Хазар қағанаты
- E) Сасанидтік Иран
- F) Эфталиттер мемлекеті

5. Қарахан мемлекетінің алғашқы билеушілері:

- A) Сүлеймен-шах
- B) Хасан Боғра
- C) Сатұқ Боғра
- D) Жүсіп
- E) Әли Арслан
- F) Санжар

6. Батыс Түрік қағанаты иеліктерін мұралыққа алған түркі тілдес мемлекеттер:

- A) Көктүріктер
- B) Енисей қырғыздары
- C) Ұйғыр қағанаты
- D) Қарлұқ мемлекеті
- E) Оғыз державасы
- F) Тұрфан

7. Оғыз мемлекетіндегі жоғарғы таптар:

- A) Князьдар
- B) Тархандар
- C) Уәзірлер
- D) Ру аристократиясы
- E) Сұлтандар
- F) Көсемдер
- G) Патша руының туыстары

8. Моңғол басып алушылығы негізінде:

- A) Мәдени прогресспен
- B) Жерөндеу мәдениетінің өрлеуімен
- C) Сарайлар мен мешіттерді салумен
- D) Қалалардың гүлденуімен
- E) Өндіруші күштердің талқандалуымен

9. Моғолстандағы негізгі міндеткерлік түрлері:

- A) Әлеуметтік
- B) Үлестік
- C) Қоғамдық
- D) Еңбек
- E) Мәдени
- F) Саяси

10. «Моголистан» (Могулистан) сөзінің этнонимі:

- A) Сяньби
- B) Қазақ
- C) Моңғол
- D) Хазар
- E) Қырғыз
- F) Тюрк

11. Осман Империясы гүлдену кезеңінде қамтыған территориясы:

- A) Австралияның бөлігі
- B) Шығыс Сібірдің бөлігі
- C) Азияның бір бөлігі
- D) Еуропаның бір бөлігі
- E) Оңтүстік-Шығыс Азияның бөлігі

12. Осман империясы аталды:

- A) Оттоман империясы
- B) Ислам республикасы
- C) Ислам мемлекеті
- D) Порта
- E) Түрік Республикасы
- F) Оттоман Портасы

13. Қырым хандығында ханнан кейінгі екінші лауазымды адам:

- A) Уәзірлер басшысы
- B) Гарем басшысы
- C) Казына басшысы
- D) Кіші және жергілікті сот төрағасы
- E) Батыс түбек билеушісі
- F) Нүреддін

14. Үндістанда Бабыр (1526 - 1530) негізін салған Ұлы моғолдар әулетінің (1526 - 1838) билеушілері:

- A) Жаһангір (1605 - 1627)
- B) Акбар (1556 - 1530)
- C) Ұлықбек (1394 - 1449)
- D) Аурангзеб (1658 - 1707)
- E) Елбарыс (1728 - 1740)

15. Қазақстан аумағындағы көлемі 30 гектардан асатын қалалар:

- A) Шортөбе
- B) Ясы
- C) Қарашық
- D) Сығанақ
- E) Аснас

16. XIII – XVIII ғ. Азербайжан мәдениетінің аса көрнекті ақындары:

- A) Мухаммед Физулла («Лейлі мен Мәжнүн»)
- B) Шах Махмуд ибн Фазил Чорос
- C) Мухамед Хайдар Дулати
- D) Имад-ад-Дин Несими
- E) Фазуллах Нейми

17. XVI ғ. ортасындағы Ноғай ордасының ыдырауына әсер етті:

- A) Орыс мемлекетінің шекарасын Қазақ хандығына жақындата түсуі
- B) Сібір хандығының шабуылы
- C) Бір бөлігінің Түрік сұлтанына бағынуы
- D) Керей мен Жәнібектің көшіп кетуі
- E) Бір бөлігінің орыс патшасына бағынуы
- F) Әмір Темірдің жорықтары

18. Қырғыз халқының жыр дастандары:

- A) Қобыланды батыр
- B) Сұлушаш
- C) Жаңыл мырза
- D) Кердейхан
- E) Қожаш

19. Қытайдың Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданында тұратын түркі халықтары:

- A) Түркімендер
- B) Карачайлар
- C) Қырғыздар
- D) Қазақтар
- E) Балқарлар

20. Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың басым салалары:

- A) Ауыл шаруашылығы
- B) Мәдени-гуманитарлық
- C) Қаржылық
- D) Қорғаныс
- E) Әскери-техникалық
- F) Сауда-экономикалық
- G) Отын-энергетикалық

21. Селжуктер мемлекетінің сұлтандары:

- A) Явуз сұлтан Селим
- B) Кылыдж Арслан I
- C) Ақсақ Темір
- D) Абылай хан
- E) Мелик шах I
- F) Алып-Арслан
- G) Сұлтан Мехмет



22. 1873 жылғы 12 тамызда орыс әскерлерімен жасалған шарт бойынша

Хиуа ханы:

- A) Соғысты жалғастырды
- B) Ресейдің бодандығына айналды
- C) Контрибуция төледі
- D) Қару-жарақ сатып алды
- E) Тәуелсіздігін сақтады
- F) Жаңа бекіністер салды
- G) Сауданы кеңейтті

23. «Худуд әл-алам» тарихи еңбегіне (X ғ.) сәйкес, қырғыздар ертеде:

- A) Мускус өндірді
- B) Исламды қабылдады
- C) Қалаларда мекендеді
- D) Отырықшы өмір сүрді
- E) Отқа табынды
- F) Саудамен айналысты
- G) Көрші халықтармен соғысты

24. Түркияның армиясының құрамы:

- A) Жасақ
- B) Атты әскер
- C) Ондық
- D) Акынкебек
- E) Түмен
- F) Янычарлар
- G) Ұлан

25. Христан дінін ұстайтын түркі халықтары:

- A) Сахалар, гагауздар
- B) Караимдар
- C) Қазақтар, өзбектер
- D) Украиндықтар, молдавандар
- E) Шорлар, долгандар

**Түркі халықтарының тарихы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**